

БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ



Жоғары мектеп деканы м.а.:
Серкебаев Д.Ж.

Электрондық почта:
Daurene@mail.ru

Ғылыми атағы, дәрежесі:
заң ғылымдарының магистрі
Байланыс телефоны: +77013822401

Жоғары мектеп бойынша 21 мамандық бойынша бакалаврлар, 5 мамандық бойынша магистрлер дайындалады.

Бакалавриат:

- 6B01101 – Педагогика және психология
- 6B01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
- 6B01303 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
- 6B01401 – Кәсіптік оқыту
- 6B01403 – Бастапқы әскери дайындық
- 6B01404 – Дене шынықтыру және спорт
- 6B01405 – Музыкалық білім
- 6B01501 – Биология
- 6B01502 – География
- 6B01601 - Тарих
- 6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті
- 6B01702 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
- 6B01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі
- 6B01901 – Дефектология
- 6B01902 – Логопедия
- 6B02101 – Хореография
- 6B02301 – Аударма ісі
- 6B03201 – Журналистика
- 6B03202 – Медиажурналистика
- 6B03203 – Кітапхана ісі
- 6B05201 – Экология

Магистратура:

- 7M01101 – Педагогика және психология

7M01301 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
7M01601 – Тарих
7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті
7M05201 – Экология

Жоғары мектеп құрылымы 4 кафедрадан тұрады:

- «Арнайы педагогика және психология» кафедрасы
- «Педагогика және өнер» кафедрасы, меңгерушісі
- «Жаратылыстану және спорт» кафедрасы
- «Филология, журналистика және тарих» кафедрасы

Білім беру және педагогика жоғары мектебі 2003 жылы Педагогика факультеті болып құрылған. «Болашақ» университетінің құрылымдық өзгерістеріне сәйкес 2019-2020 оқу жылынан бастап Білім беру және педагогика жоғары мектебі деп аталады (№05 бұйрық, 29.08.2019).

Әр жылдары факультет деканы қызметін п.ғ.к. Р.Қ.Аббасова, ф-м.ғ.к. Т.Ділманов, п.ғ.к. С.Б.Қуанова, т.ғ.к., доцент Х.Т.Наурызбаева, с.ғ.к., қауымдастырылған профессор М.Ө.Насимов, т.ғ.к. Ш.Айдарова, ф.ғ.к. Ж.А.Исаева, ф.ғ.к. А.Ө.Байдаулетова, т.ғ.к. А.Т.Еспенбетова, п.ғ.м. Л.Е.Сапартаева атқарды.

2022-2023 оқу жылынан бастап Білім беру және педагогика жоғары мектебін з.ғ.м. Д.Ж.Серкебаев басқаруда.

Білім беру және педагогика жоғары мектебі ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР «Ғылым туралы», ҚР «Жастар саясаты туралы» Заңдарын, 2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында білім беруді модернизациялауды, жаңа ақпараттық және алдыңғы қатарлы технологияларды ендіру арқылы оқу үдерісін жетілдіруді, ғылым мен практиканы ұштастыруды, оқытушылар мен студенттердің шығармашылығын қалыптастыруды өз дамуының негізгі бағыттары ретінде басшылыққа алып келеді.

Білім беру және педагогика жоғары мектебінің миссиясы: білім беру, ғылым мен инновациялық қызметті заман талабына сай интеграциялау және Қазақстан Республикасының даму стратегиясына сәйкес жаңашыл, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлау.

Білім беру және педагогика жоғары мектебінің профессор-оқытушылар құрамы халықаралық, республикалық, аймақтық, облыстық, қалалық түрлі ғылыми-теориялық, практикалық конференциялар, семинар-практикумдарға белсене қатысады. Университет басшылығымен кадрлық потенциалды көтеру.